# Qarmet




Мұра болған сала:
Кокушевтердің еңбек әулеті

Из нового пласта на шахте «Тентекская»
выведено 25 тысяч кубометров метана

Шахтерлік мінез – аланда да,
жер астында да маңызды!

27.08.2025 № 32 (328)

***Құрметті кеншілер, қадірлі әріптестер!***

*Qartet компаниясы сіздерді кәсіби мерекелеріңіз –*
*Кеншілер күнімен шын жүректен құттықтайды!*

*Бұл күн – сіздердің еңбектеріңізге, ерліктеріңізге және жанқиярлық істеріңізге деген терең құрметтің белгісі. Шахтадағы жұмыс жоғары біліктілікті ғана емес, нағыз рухани күш-жігерді де талап етеді. Сіздердің еліміздің өндірістік қуатының негізі, экономиканы дамыту мен энергетикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі үлестеріңіз шексіз.*

*Qartet компаниясы қатарында нағыз кәсіби мамандардың, кез келген жағдайда сенім артуға болатын жандардың еңбек етіп жүргенін мақтан тұтады. Сіздердің табандылықтарыңызға, төзімділіктеріңізге және іске адалдықтарыңызға шын жүректен алғыс айтамыз.*

*Сіздердің арқаларыңызда бүгінде компанияда өндірістік қуаттарды жаңғыртуға бағытталған маңызды жобалар жүзеге асырылып келеді. Шахталарға заманауи позициялау жүйесі енгізілді, көмір қабаттарын алдын ала дегазациялау жүргізілуде, жабдықтар белсенді түрде жаңартылып, жоспарлы көрсеткіштер орындалды.*

*Шахтер еңбегінің ардагерлеріне ерекше алғысымызды білдіреміз. Сіздердің тәжірибелеріңіз, еңбек жолдарыңыз және өмірлік даналықтарыңыз – жаңа буын үшін үлгі. Сіздердің жанқияр еңбектеріңіздің арқасында біз мақтан тұтатын және дамытуды жалғастырып келе жатқан өндірістер мен дәстүрлер қалыптасты.*

*Әрбір шахтер күні қауіпсіз жағдайда өтіп, тұрақтылық пен құрметке толы болсын. Сіздерге мықты денсаулық, отбасылық береке-бірлік, ертеңгі күнге сенім және жаңа жетістіктер тілейміз!*

***Мерекелеріңіз құтты болсын!***

***Дорогие шахтёры, уважаемые коллеги!***

*Компания Qartet поздравляет вас с наступающим профессиональным праздником -*
*Днём шахтёра!*

*Этот день - дань глубокого уважения вашему труду, мужеству и самоотдаче. Работа в шахте требует не только высокой квалификации, но и настоящей силы духа. Вы - основа промышленной мощи государства, и ваш вклад в развитие экономики и энергетической стабильности поистине неоценим.*

*Компания Qartet гордится тем, что среди нас трудятся настоящие профессионалы - люди, на которых можно положиться в любых условиях. Мы искренне благодарим каждого из вас за упорный труд, стойкость и преданность делу.*

*Благодаря вашему участию в жизни компании сегодня реализуются важнейшие проекты по модернизации производственных мощностей. Внедряется современная система позиционирования на шахтах, проводится заблаговременная дегазация угольных пластов, активно обновляется и совершенствуется оборудование, достигаются плановые показатели.*

*Особые слова признательности выражаем ветеранам шахтёрского труда. Ваш опыт, трудовой путь и жизненная мудрость - пример для новых поколений. Именно на вашем самоотверженном труде строились производства и традиции, которыми мы гордимся и продолжаем развивать.*

*Пусть каждый шахтёрский рабочий день проходит в безопасных условиях, сопровождается стабильностью и уважением. Желаем вам крепкого здоровья, семейного благополучия, уверенности в завтрашнем дне и новых достижений!*

***С праздником!***

ӘУЛЕТ

# МҰРА БОЛҒАН САЛА: КОКУШЕВТЕРДІҢ ЕҢБЕК ӘУЛЕТІ

*Кокушевтер әулетінің үш буыны өз өмірін шахтамен байланыстырған. Шахтерлік әулеттің тарихы атасынан басталып, кейін көмір өнеркәсібіне 40 жылдан астам уақытын арнаған әке – Сырымбет Кокушев жалғастырды. Қазір «Саран» шахтасында оның ұлдары – Дәулет пен Фархат еңбек етіп келеді. Екеуі де жер асты жұмысшысынан бастап, қысқа мерзімде участок бастықтарының орынбасары дәрежесіне дейін көтерілді.*



**«Мен ауылда өстім, жұмыстан қорыққан жоқпын, жерден нәсібін жеген адаммын. Шахтаға еш ойланбастан бардым. Орта біліміммен еңбек етіп, табандылықтың арқасында бригадир болдым. Ең бастысы – шыдамдылық пен жауапкершілік. Ұлдарымды да соған үйреттім», – дейді «Саран» шахтасында көмір өндіру кенжарының кеншісі әулет басшысы Сырымбет Кокушев.**

Әкесінің жолын ұлдары да жалғады. Олар шахтерлік әулеттің өкілдері ретінде жұмыстағы жауапкершілікті екі есе сезінгендерін айтады. Бірақ соның арқасында аз уақыттың ішінде басшылық қызметке көтерілді. Фархат Кокушев – шахтаның логистикасын қамтамасыз ететін рельстік көлік учаскесінің бастығының орынбасары.

**«Мен шахтаға 2017 жылы қарапайым жер асты жұмысшысы болып кірдім – дейді Фархат Кокушев. – Сонымен қатар оқып, техникалық мамандығын алдым. Екі жылдан соң тау-кен мастері болдым. Басшылар кімнің жақсы еңбекке тырысатынын көреді және кәсіби өсіп, дамуға мүмкіндік береді. Мен соның айқын мысалымын», - деді ол.**

Ал оның інісі Дәулет Кокушев №2 өндіру учаскесінің бастығының орынбасары. Оның міндеттері кең, учаскеде техникалық, ұйымдастырушылық және кадрлық басқаруды қамтамасыз етеді. Дәулеттің айтуынша, шахтаның қазіргі заманғы жабдықталуы көмір өндірудің жалпы процесін де, әрбір кеншінің жұмысын да айтарлықтай жеңілдетеді.

**«Қазір бізде шахтерлерді жер астында «көріп» отыруға мүмкіндік беретін позициялау жүйесі бар. Сондай-ақ бізде рация мен армафондар бар, сол арқылы тікелей забойдан қоңырау шалуға болады. Бұл, біріншіден, өте қолайлы. Екіншіден, қауіпсіздікті қамтамасыз етуде үлкен қадам», – дейді Дәулет Кокушев.**

Бауырлардың еңбек жолы – істі жауапкершілікпен атқару мен алға ұмтылудың биікке жетелейтінін дәлелдейді.

Кокушевтердің тарихы – тек еңбек жетістіктерінің тарихы емес. Бұл – ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан дәстүр мен мінездің күші. Шахтер күні – олардың ең сүйікті мерекесі. Осы күні бүкіл әулет бір дастарқан басына жиналады.

«Саран» шахтасында шахтаны жай жұмыс емес, өмірлік іс деп қарайтын адамдарды ерекше бағалайды. Шахтер әулеттері әрқашан өндірістің тірегі мен мақтанышы саналады.

ДИНАСТИЯ

# ТРУД ПО НАСЛЕДСТВУ: ШАХТЁРСКАЯ ДИНАСТИЯ КОКУШЕВЫХ

*Уже три поколения семьи Кокушевых связывают свою жизнь с шахтой. История горняцкой династии началась с деда, потом дело продолжил отец - Сырымбет Кокушев, отдавший угольной промышленности больше 40 лет. А теперь на шахте «Саранская» трудятся и его сыновья - Даулет и Фархат Кокушевы. Оба прошли путь от подземного горнорабочего до заместителей начальников участков.*

**«Я вырос в селе, работы не боялся, как говорится с земли хлеб ел. В шахту пошёл без колебаний. Имея среднее образования, благодаря труду и упорству дошёл до бригадира. Главное - терпение и ответственность. Этому и своих сыновей учил», - рассказал глава семьи Сырымбет Кокушев, который трудится на шахте «Саранская» горнорабочим очистного забоя.**

Оба сына пошли по стопам отца. Говорят, что как представители шахтёрской династии, ответственность за работу испытывали вдвойне. Зато за короткое время дослужились до руководящих должностей. Фархат Кокушев - заместитель начальника участка рельсового транспорта, который обеспечивает логистику шахты.

**«Я пришёл на шахту в 2017 году простым горнорабочим, - вспоминает Фархат Кокушев. - Параллельно учился, получил техническое горное образование. Через два года стал горным мастером. Руководство видит, кто старается, и даёт возможности профессионально расти. Я сам тому пример».**

Его младший брат Даулет Кокушев работает заместителем начальника добычного участка № 2. У него достаточно широкий круг обязанностей, он



обеспечивает на участке техническое, организационное и кадровое руководство. По словам Даулета, современное оснащение шахты значительно облегчает как общий процесс добычи угля, так и труд отдельного горняка.

**«Сейчас у нас работает система позиционирования, которая позволяет «видеть» шахтёров под землёй. Также у нас есть рация и армафоны, благодаря которым можно звонить прямо из забоя. Это, во-первых, очень удобно, во-вторых, это большой шаг в обеспечении безопасности», - отметил Даулет Кокушев.**

Трудовой путь братьев - пример того, как ответственное отношение к делу и желание развиваться открывают дорогу на верх.

История Кокушевых - это не просто история трудовых достижений. Это преемственность и сила характера, которые передаются от поколения к поколению. День шахтёра у династии самый любимый праздник, когда вся большая семья собирается за одним столом.

На «Саранской» ценят людей, для которых шахта - не просто работа, а дело жизни. Шахтёрские династии всегда называют опорой и гордостью производства.



ӨЗЕКТІ

# ШАХТЕРЛІК МІНЕЗ – АЛАҢДА ДА, ЖЕР АСТЫНДА ДА МАҢЫЗДЫ!

*Кеншілер күні қарсаңында «Шахтёр» футбол клубының ойыншылары Qarmet компаниясының ардагерлерімен бірге қаза тапқан кеншілерді еске алды. Гүл қою рәсімі Қарағандының Орталық саябағындағы ескерткіште өтті.*



**«Шахтер күні – мен үшін жергілікті қарағандылық ретінде ерекше мереке. Біз жер астында еңбек етіп жүрген және еңбек еткен кеншілерге құрмет көрсетеміз. Біздің командамыздың атауы да шахтерлердің атымен байланысты. Шахтада да, алаңда да үйлесімділік, қолдау, иық тірестіре білу маңызды», – деді «Шахтёр» ФК қақпашысы Игорь Шацкий.**

Мұндай кездесулер өткен мен бүгінді жалғайтын көпір іспетті. Ардагерлер ауыр еңбектері жайлы естеліктерімен бөлісе, жас спортшылар сол әңгімелерден шабыт алады.

**«Бүгінгі футболшылармен кездесу біздің еңбегіміздің ұмытылмағанын көрсетті. Біз де өз кезегімізде «Шахтёр» командасын қолдаймыз, көп жылдан бері жанкүйерміз», – деді «Ветераны-шахтёры» ҚБ төрағасы Николай Байзбаев.**

Шахтерлер мен еңбек династияларының қаласы – Қарағандыда футбол баяғыда-ақ жай ғана ойыннан үлкен мағынаға ие болған. Ол – көмір саласының тарихының және осы іске өмірін арнаған адамдардың ажырамас бөлігі.

# ШАХТЁРСКИЙ ХАРАКТЕР - НА ПОЛЕ И ПОД ЗЕМЛЕЙ

*Накануне Дня шахтёра игроки футбольного клуба «Шахтёр» вместе с ветеранами компании Qarmet почтили память погибших горняков. Возложение цветов прошло у памятника в Центральном парке Караганды.*



**«День шахтёра для меня как для коренного караганинца большое событие. Я отдаю дань нашим горнякам, кто трудится и трудился под землёй. Наша команда названа в честь шахтёров. Как на шахте, так и на поле важна слаженность, поддержка, умение быть плечом к плечу», - отметил вратарь ФК «Шахтёр» Игорь Шацкий.**

Такие встречи становятся мостом между прошлым и настоящим. Ветераны делятся воспоминаниями о нелёгком труде, а молодое поколение спортсменов черпает в этих рассказах вдохновение.

**«Сегодняшняя встреча с футболистами показала, что нашу работу не забывают. Мы, в свою очередь, тоже поддерживаем команду «Шахтёр», мы болельщики с большим стажем», - подчеркнул председатель ОО «Ветераны-шахтёры» Николай Байзбаев.**

В Караганде, городе шахтёров и трудовых династий, футбол давно стал чем-то большим, чем просто игра. Он - часть истории, связанной с угольной отраслью и людьми, которые посвятили ей жизнь.

ӨЗЕКТІ

# «ТЕНТЕК» ШАХТАСЫНДА ЖАҢА ҚАБАТТАН 25 МЫҢ ТЕКШЕ МЕТР МЕТАН ШЫҒАРЫЛДЫ

*Бір жыл бұрын басталған алдын ала дегазация бойынша пилоттық жобаның аралық нәтижелері жарияланды.*



Д-6 қабатының геологиялық жағдайы қазба жұмыстарына дейін жиналған газды шығару үшін заманауи технологияларды қолдануды талап етеді. Мамандар метанды гидроқанықтыру мен плазмалық-импульстік әсерді біріктіру арқылы шығарады.

**«Геологтармен бірге көмір департаменті бұрғылау орнын анықтайды, кейін 750 метр тереңдікте ұңғыма бұрғыланады. Бұдан соң плазмалық-импульстік «жарылыстар» жүргізіліп, қабат бұзылады. Газ суымен бірге ұңғымаға жиналып, жер бетіне шығарылады, арнайы шығару құбыры арқылы пласттан бөлінеді», – деді «МетанГеоСервис» ЖШС директоры Анатолий Эссе.**

Жоба аясында 10 ұңғыма бұрғылану көзделген. Қазіргі уақытта 6 ұңғыма бұрғыланып, жұмыс режимінде тұр. Екеуі іске қосылу сатысында. Тағы екеуін бұрғылау алда тұр. Д-6 қабатындағы көмір қоры 16 миллион тоннадан асады.

**«Көмір департаменті «Тентек» шахтасындағы Д-6 қабатының газдылығын төмендетуді күтуде. Бұдан бөлек, кеніштің оңтүстік бөлігінде «Татнефть» компаниясымен бірге алдын ала дегазацияның тағы бір технологиясын сынақтан өткізуге дайындалып жатырмыз. Д-6 қабаты метанның көп мөлшерімен және газ өткізгіштігінің төмендігімен ерекшеленеді. Бұл жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде оның табиғи газдылығын 50 %-ға дейін төмендетуді жоспарлап отырмыз», – деді Көмір департаментінің техникалық дирекциясы желдету бөлімінің бастығы Александр Полчин.**

Жұмыс барысында мамандар Д-6 қабатындағы газодинамикалық құбылыстарға қауіпті аномальды аймақтарды анықтауда. Олардың кейбірін «разрядтауға» мүмкіндік туды. Метан шығарындылары ұңғымаларға түсіп, жерасты жұмыстары кезінде орын алған жоқ. Жобаға қатысты барлық деректер «Георезонанс» басқарушы компаниясына және «Qarmet» АҚ Көмір департаментіне жіберіліп отыр.

Жалпы әрбір ұңғыманың пайдалану мерзімі 3-5 жыфл. Д-6 қабатында өндіру басталғанға дейін 200 миллион текше метрден астам метан шығару жоспарланған.

«QARMET» ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯНЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ МЕКЕНЖАЙЫ: GAZETA@QARMET.KZ

АКТУАЛЬНО

# ИЗ НОВОГО ПЛАСТА НА ШАХТЕ «ТЕНТЕКСКАЯ» ВЫВЕДЕНО 25 ТЫСЯЧ КУБОМЕТРОВ МЕТАНА

*Подведены промежуточные итоги пилотного проекта по заблаговременной дегазации, который стартовал год назад.*

Геологические условия пласта Д-6 требуют применения современных технологий для выведения накопившегося газа до начала проходческих работ. Специалисты извлекают метан, совмещая гидронасыщение с плазменно-импульсионным воздействием.

**«Вместе с геологами Угольного департамента определяется место бурения, в дальнейшем пробуривается скважина глубиной 750 метров. Далее происходит процесс плазменно-импульсных «взрывов», которые разрушают слой. Газ вместе с водой собирается в скважину и выдается на поверхность, выделяется из пласта через выкидную трубу», - рассказал Анатолий Эссе, директор ТОО «МетанГеоСервис».**

Проект предполагает бурение 10 скважин. В данный момент пробурены и действуют в рабочем режиме 6 скважин. Две находятся в стадии запуска. Ещё две предстоит пробурить. Залежи угля в пласте Д-6 превышают 16 миллионов тонн угля.

**«Угольный департамент ожидает снижение газоносности пласта Д-6 на шахте «Тентекская». Кроме этого, в южном блоке поля вместе с компанией «Татнефть» мы готовимся апробировать еще одну технологию по заблаговременной дегазации. Пласт Д-6 отличается большим количеством метана и низкой газопроницаемостью. В результате реализации этих проектов мы планируем снизить на 50 % его природную газоносность», - пояснил начальник отдела вентиляции технической дирекции Угольного департамента Александр Полчин.**



В ходе работ специалисты выявляют аномальные зоны в пласте Д-6, которые опасны газодинамическими явлениями. Им уже удалось обнаружить и «разрядить» некоторые из них. Выбросы метана произошли в скважины, а не во время ведения подземных работ. Все данные о проекте поступают в управляющую компанию «Георезонанс» и в Угольный департамент АО «Qarmet».

В целом каждая скважина должна эксплуатироваться 3-5 лет. До начала добычи из пласта Д-6 планируют извлечь более 200 миллионов кубометров метана.

**ЭЛЕКТРОННЫЙ АДРЕС РЕДАКЦИИ ГАЗЕТЫ «QARMET»: GAZETA@QARMET.KZ**

ҚжәнеЕҚ

# КОНВЕЙЕР ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ. ӘРҚАШАН БІР ҚАДАМ АЛДА БОЛ!

*Конвейер – Qarmet компаниясындағы ең маңызды, сонымен қатар ең қауіпті өндірістік механизмдердің бірі. Қауіпсіздік ережелерін сақтамау мұнда ауыр жарақатқа немесе апатқа душар етуі мүмкін. Бұған жол бермеу үшін машинист барынша мұқият болып, әрдайым есте сақтауы тиіс ережелер бар. Себебі техника қателікті кешірмейді.*



Конвейерде жұмыс істеу тек кәсіби білімді ғана емес, сондай-ақ жоғары тәртіпті де талап етеді. Жұмысқа тек 18 жасқа толған, медициналық тексеруден өткен және еңбек қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық алған қызметкерлер ғана жіберіледі. Қауіпсіздік ережелері бойынша білімді тексеру жыл сайын, ал қайталау нұсқаулығы әр алты ай сайын жүргізіледі.

Машинист жұмыс орнын таза ұстауға, жабдықтың жарамдылығын бақылауға және жеке қорғаныс құралдарын қолдануға міндетті. Арнайы киім, каска, көзілдірік, қолғап пен қорғаныс аяқ киімі – жай ғана формалдылық емес, денсаулықты сақтаудың кепілі.

Конвейерді іске қосар алдында жабдықтың жарамдылығын, жерге тұйықталуын, өрт сөндіргіш пен басқа да өртке қарсы құралдардың бар-жоғын тексеру қажет. Кез келген ақау дереу басшылыққа хабарлануы тиіс. Тозған құрал-саймандармен жұмыс істеуге, жұмыс орнын қараусыз қалдыруға немесе бөгде адамдарды жабдыққа жіберуге қатаң тыйым салынады.

Жұмыс барысында ерекше мұқият болу қажет. Машинистің киімі бүтін әрі толықтай түймеленген болуы тиіс, салбырап тұрған бөлшектердің болуына жол берілмейді – олар қозғалыстағы механизмге ілініп кетуі мүмкін. Қорғаныс құралдарынсыз айналмалы бөлшектерге, кабельдерге немесе электр қондырғыларына қол тигізуге болмайды.

Апаттық жағдай немесе өрт болғанда жабдық бірден тоқтатылып, ары қарайғы әрекеттер апатты жою жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Ауысым соңында конвейер жүктемесіз тоқтатылады, жұмыс орны ретке келтіріледі, барлық ақаулар тіркеліп, келесі ауысымға жеткізіледі.

Qarmet компаниясында қауіпсіздік әрқашан басты орында. Конвейерде жұмыс істеу кезінде аталған ережелерді сақтау – күнделікті мұқияттық пен тәртіптің нәтижесі. Әрбір машинист ережелерді қатаң орындау ғана денсаулықты сақтап, жабдықтың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететінін естен шығармаған жөн.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Qarmet» АҚ балалар мен жасөспірімдер орталығы жаңа 2025-2026 оқу жылына 3 жастан 17 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді келесі студияларға қабылдау туралы хабарлайды:

1. Үлгілі фольклорлық «Родничок» ансамблі – 7-17 жас
2. «Поющие горошины» вокалдық студиясы – 3-6 жыл
3.«Коллаж» үлгілі студиясы – 6-17 жас
4. Дизайн сән балалар театры - 6-17 жас
5. «Қыз Жібек» шығыс би ансамблі – 12-17 жас
6. «Росинки» эстрадалық би ансамблі – 6-11 жас
7. Жауынгерлік өнер студиясы – 6–14 жас
8. «Графикалық дизайн» студиясы – 10-16 жас
9. «Богемия» театр студиясы – 6-17 жас
10. «Лепка» студиясы (қолданбалы өнер) – 6-17 жас
11. Қолөнер әуесқойлары клубы «Дарын» – 6–17 жас

«Qarmet» АҚ және еншілес компаниялар қызметкерлерінің балалары қабылданады.
Білім тегін.
Тіркелу Жастар орталығының вахтасында 2025 жылдың 15 қыркүйегіне дейін күн сайын сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін жүргізіледі.
Анықтамалар 91-64-80, 87077318514 телефоны бойынша



БиОТ

# КОНВЕЙЕР НЕ ПРОЩАЕТ ОШИБОК. БУДЬ НА ШАГ ВПЕРЕДИ!

*Конвейер - один из самых важных, но и самых опасных механизмов на производстве в компании Qarmet. Каждое нарушение правил безопасности здесь может обернуться серьезной травмой или аварией. Чтобы этого не допустить, машинист должен быть предельно внимателен и всегда помнить: техника не прощает ошибок.*

**Олег МАСЛЕНИКОВ**

Работа на конвейере требует не только профессиональных знаний, но и высокой дисциплины. К работе допускаются только сотрудники старше 18 лет, прошедшие медицинское освидетельствование и инструктажи по охране труда. Проверка знаний правил безопасности проводится ежегодно, а повторный инструктаж - каждые полгода.

Машинист обязан содержать рабочее место в порядке, следить за исправностью оборудования и использовать средства индивидуальной защиты. Спецодежда, каска, очки, рукавицы и защитная обувь - это не формальность, а гарантия сохранения здоровья.

Перед запуском конвейера необходимо проверить исправность оборудования, заземление, наличие огнетушителей и других противопожарных средств. Любая неисправность должна быть немедленно доложена руководству. Запрещается работать с изношенными инструментами, оставлять без присмотра рабочее место или допускать посторонних к оборудованию.

Особое внимание требуется во время работы. Одежда машиниста должна быть исправной и плотно застегнутой, без болтающихся концов - их может затянуть в движущиеся механизмы. Нельзя касаться вращающихся деталей, кабелей и электроустановок без защитных средств.

В случае аварийной ситуации или возгорания оборудование должно быть остановлено, а дальнейшие действия - строго по плану ликвидации аварии.



В конце смены конвейер останавливается без нагрузки, рабочее место приводится в порядок, а все неисправности фиксируются и передаются следующей смене.

Безопасность в компании Qarmet всегда в приоритете, соблюдение всех описанных правил при работе на конвейере - это результат ежедневной внимательности и дисциплины. Каждый машинист должен помнить: только строгая ответственность за выполнение правил позволит сохранить здоровье и обеспечить бесперебойную работу оборудования.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Детско-юношеский центр АО «Qarmet» объявляет набор детей и подростков с 3 до 17 лет на новый 2025 – 2026 учебный год в следующие студии:

1. Образцовый фольклорный ансамбль «Родничок» – 7–17 лет
2. Вокальная группа «Поющие горошины» – 3–6 лет
3. Образцовая изостудия «Коллаж» – 6–17 лет
4. Детский театр дизайн – моды – 6–17 лет
5. Ансамбль восточного танца «Кыз Жибек» – 12–17 лет
6. Ансамбль эстрадного танца «Росинки» – 6–11 лет
7. Студия «Восточных единоборств» – 6–14 лет
8. Студия «Графический дизайн» – 10–16 лет
9. Театральная студия «Богема» – 6–17 лет
10. Студия «Лепка» (декоративно-прикладное искусство) – 6–17 лет
11. Клуб любителей рукоделия «Дарын» – 6–17 лет

Принимаются дети сотрудников АО «Qarmet» и дочерних предприятий.
Обучение бесплатное.
Запись производится на вахте ДЮЦа ежедневно до 15 сентября 2025 г. с 9.00 до 18.00
Справки по телефону: 91-64-80, 87077318514



ҚжәнеЕҚ

# ҚАУІП-ҚАТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ

*«Qarmet» АҚ «Қазақстан» шахтасында кәсіби әскерилендірілген апаттық-құтқару қызметінің (ӘАҚҚ) қатысуымен шартты түрде өртті жоюға арналған оқу-жаттығу өтті.*



15 тамыз күні «Қазақстан» шахтасында «Дайындау забойындағы өрт» тақырыбында оқу дабылы өткізілді. Мұндай іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып, Көмір департаменті қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және төтенше жағдай туындаған жағдайда барлық қызметтердің дайындық деңгейін тексеруүшін аса маңызды.

Жаттығу сценарийіне сәйкес негізгі кезеңдер, яғни персоналды хабардар ету, адамдарды апат аймағынан шығару, су беруді ұйымдастыру, қауіпсіздік посттарын қою және медициналық қызметтің жұмысын қамтамасыз ету тәжірибесі пысықталды. Жаттығуға шахтаның барлық бөлімшелері және екі ӘАҚҚ бөлімшесі қатысты. Көлік пен көтергіш қондырғылар ұйымдастырылды, медициналық қызметкерлер зардап шеккендерді қабылдауға дайын болды.

Дабылдың қорытындысы бойынша өрт сөндірілді, зардап шеккендер эвакуацияланды, байланыс және өзара іс-қимыл жүйесі ақаусыз жұмыс істеді. Іс-шара шахта ұжымының ықтимал апат жағдайларында әрекет етуге дайындығын растады және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуде тұрақты оқу-жаттығулардың маңызын көрсетті.

Жаттығулар шахта ұжымына тек іс-қимыл алгоритмдерін пысықтауға ғана емес, құрылымдық бөлімшелер мен кен құтқару қызметі арасындағы өзара іс-қимылды тексеруге мүмкіндік береді. Ең бастысы – мұндай оқу-жаттығулар нақты төтенше жағдай кезінде қызметкерлердің қорғалатынына және тәуекелдердің барынша азайтылатынына сенімділікті арттырады.



БиОТ

# ГОТОВНОСТЬ НОМЕР ОДИН

*На шахте «Казахстанская» Угольного департамента Qarmet прошли учения по ликвидации условного задымления с участием профессиональной военизированной аварийно-спасательной службы (ПВАСС).*

Олег МАСЛЕНИКОВ

На шахте «Казахстанская» 15 августа прошла учебная тревога по теме «Пожар в подготовительном забое». Подобные мероприятия проводятся регулярно и имеют ключевое значение для обеспечения безопасности работников Угольного департамента и проверки готовности всех служб к действиям в условиях возможной чрезвычайной ситуации.

По сценарию тревоги отрабатывались все ключевые этапы: оповещение персонала, организация вывода людей из аварийной зоны, обеспечение подачи воды, выставление постов безопасности и работа медицинской службы. В учениях участвовали все подразделения шахты, а также два отделения ПВАСС, которые выполнили поиск и эвакуацию условного пострадавшего, а затем ликвидировали очаг возгорания с проливкой выработки.

Учение показало высокий уровень взаимодействия между службами предприятия и горноспасателями. Все подразделения сработали слаженно и оперативно: контролировалась газовая обстановка, организовывались транспорт и подъемные установки, обеспечивалась готовность медиков к приему пострадавших.

В ходе учений все поставленные задачи были выполнены, а условное задымление успешно ликвидировано. «Пострадавший» эвакуирован, система связи и взаимодействия между службами отработала без сбоев.

Проведённое мероприятие подтвердило готовность коллектива шахты к действиям в нештатных ситуациях и подчеркнуло важность регулярных тренировок для обеспечения промышленной безопасности. Службы показали высокий уровень подготовки и готовность действовать в условиях реальной аварийной ситуации.





Подобные тренировки позволяют коллективу шахты не только отрабатывать алгоритмы действий, но и проверять взаимодействие между структурными подразделениями и горноспасательной службой. А самое главное - они повышают уверенность в том, что в случае реальной чрезвычайной ситуации сотрудники будут защищены, а риски сведены к минимуму.

ЕҢБЕК АДАМДАРЫ

# ОТБАСЫНА ЖӘНЕ ЖҰМЫСҚА ДЕГЕН АДАЛДЫҚ

*Рауан Баисов Qarmet компаниясында 20 жылдан астам уақыт жұмыс істеп келеді. Ол өз еңбек жолын қорғаныш жабындары цехынан бастап, түрлі өндірістерден өтті. Ал соңғы 15 жылдан бері көмір дайындау цехында еңбек етеді. Оның түсінігінде зауыт – тұрақтылықтың символы, ал әріптестері – екінші отбасы.*




Рауан алғаш рет кәсіпорынға 2005 жылы жұмысқа орналасты. Ол кезде жас жігіт сырттай политехте оқып жүріп, 6-ықшамаудандағы базарда қосымша табыс табатын. Бір күні газет ақтарып отырып, комбинатқа жұмысшылар қабылдау туралы хабарландыруға көзі түседі. Сөйтіп, бағын сынап көруге бел буып, кадрлар бөліміне түйіндемесін өткізеді. Көп ұзамай жарты жылдық келісімшартпен қорғаныш жабындары цехына жұмысқа қабылданды.

Бұл жас жігіт үшін үлкен қадам еді. Ол қуанышын ата-анасына жеткізіп, жаңа қызметіне кірісіп кетті. Келісімшарт мерзімі аяқталғанда, жаңа бағыт таңдау мүмкіндігі туады. Ұсыныстар арасында домна мен конвертер цехтары, аглофабрика және коксохим өндірісі болды. Коксохимдегі еңбектің күрделі екенін түсінсе де, Рауан батыл шешім қабылдап, осыны таңдады.

Алғашқыда ол көмір байыту цехында еңбек етті. 2010 жылы бұл цех жабылғаннан кейін әріптестерімен бірге көмір дайындау өндірісіне ауыстырылды. Содан бері осы жерде тұрақтап қалды.

Вагоноаударғыш машинисінің жұмыс күні нақты жоспарланған. Алдымен раскомандировка өтіп, бригада жұмыс тапсырмаларын талқылайды. Кейін жабдықтарды аралап, олардың жағдайын тексереді. Тек бәрі дұрыс екеніне көз жеткізген соң ғана жұмыс басталады.

Рауан үшін ерекше құндылық – оның әріптестері. Бірге өткізген жылдар ішінде олар шын мәнінде оған отбасы секілді болып кетті. Мерекелерді бірге атап өтеді, қиын сәттерде бір-біріне демеу болып, жұмыстан тыс уақытта да араласады.

**– Әрқайсысы мен үшін туған бауырдай, – дейді Рауан Баисов. Оның айтуынша, мұндай жылы қарым-қатынастың қалыптасуына компания басшылығының қарапайым әрі ашық болуы да үлкен әсер етеді.**

Рауан үшін отбасына да ерекше орын беріледі. Оның төрт баласы бар – екі қыз, екі ұл. Үлкендері мектепте оқиды, ал кішісі бірінші сыныпқа дайындалып жүр. Балаларды тәрбиелеуге ата-анасы мен әпкелері көмектеседі.

Бос уақытында балаларымен және әріптестерімен бірге болуға тырысады. Жастайында спортпен, әсіресе боксымен айналысқан. Қазір де спортзалға барып, бабын сақтап жүр. Бірақ ол үшін ең бастысы – жақындарының қасында болу.

**– Барым – осы: тұрақты жұмысым, ата-анам, балаларым. Отбасы – менің ең үлкен байлығым, – деп ерекше атап өтеді Рауан Баисов.**

ЛЮДИ ТРУДА

# ВЕРНОСТЬ КОМБИНАТУ И СЕМЬЕ

*Рауан Баисов более 20 лет работает в компании Qarmet. Начав свой путь в цехе защитных покрытий, он прошёл через разные производства и уже более 15 лет трудится в углеподготовительном цехе. Для него завод - это стабильность, а коллеги стали второй семьёй.*



Олег МАСЛЕНИКОВ

На предприятие Рауан устроился в 2005 году. Тогда он был совсем молодым, учился заочно в политехе и подрабатывал на рынке на 6-м микрорайоне. Однажды, просматривая газету, он наткнулся на объявление о наборе на комбинат. Так, решившись попробовать свои силы, подал резюме в отдел кадров и вскоре получил предложение о работе по контракту на полгода в цехе защитных покрытий.

Для юноши это был большой шаг вперёд. Он с радостью сообщил родителям, что принят на комбинат, и приступил к работе. Когда контракт подходил к концу, появилась возможность выбрать новое направление. Среди предложений были доменный и конвертерный цеха, аглофабрика и коксохим. Осознавая, что труд на коксохиме непростой, Рауан всё же решился и выбрал именно его.

Поначалу он работал в углеобогатительном цехе. В 2010 году, после его закрытия, вместе с коллегами был переведён на углеподготовку, где трудится и по сей день.




Рабочий день машиниста вагоноопрокидывателя расписан чётко. Сначала проходит раскомандировка, где бригада обсуждает задачи и рабочие моменты. Затем идёт обход оборудования и проверка его состояния. Только убедившись, что всё в порядке, коллектив приступает к работе.

Особая ценность для Рауана - это его коллеги. За годы совместного труда они стали для него настоящей семьёй. Вместе отмечают праздники, поддерживают друг друга в любых ситуациях, дружат и вне работы.

**- Каждый из них для меня родной человек, - отмечает Рауан Баисов. По его словам, большую роль в создании такой атмосферы играет руководство компании Qarmet - простое и открытое в общении.**

Также очень важное место в жизни занимает семья. У Рауана четверо детей - две дочери и два сына. Старшие уже учатся в школе, а младший готовится в первый класс. В их воспитании помогают родители и сестры.

Свободное время он старается проводить с детьми и коллегами. В молодости занимался спортом, особенно боксом, сейчас поддерживает форму в тренажёрном зале. Но главным считает возможность быть рядом с близкими.

**- Я благодарен за то, что имею: стабильная работа, родители, дети. Семья - это моё главное богатство, - подчёркивает Рауан Баисов.**

# ХАБАРЛАНДЫРУ

«Qarmet» АҚ КД «Тентек»шахтасындағы өндірістік алаңдары үшін 2026 жылға арналған қоршаған ортаға әсер етуге рұқсат алу мақсатында ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар келесі жобалар бойынша өткізілетіні туралы хабарлайды:

Рұқсат етілетін шығарындылар нормативтері жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Рұқсат етілетін тастандылар нормативтері жобасы, Қоршаған ортаны қорғау іс-шараларының жоспары, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы

Әсер ету аймағы - Қарағанды облысы, Шахан кенті.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 49°49'7.00»N, 72°39'14.00»E.

Учаскенің географиялық координаттары: 1. 49°46'28''N 72°33'29''E; 2. 49°47'10''N 72°36'28''E; 3. 49°49'23''N 72°35'50''E; 4. 49°49'15''N 72°33'21''E.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 8 қазанда, сағат 15:00-де өтеді.

Өтетін орны: Қарағанды облысы, Шахан кенті, Кенесары Қасымұлы көшесі, 1/1 үй, Шахан кентінің Мәдениет үйі.

Онлайн қосылу сілтемесі:

Zoom конференциясына қосылу: https://us05web.zoom.us/j/85233287469?pwd=HkUEaW6Nuu9lbQo4kC2NheI05PlX3X.1

Конференция идентификаторы: 852 3328 7469

Қатысу коды: bvbb1B

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Qarmet» АҚ КД, 101407, Қазақстан Республикасы, Теміртау қаласы, Республика даңғылы, 1, БСН 951140000042, Тел. +7 (7212) 49-20-69, e-mail: assel.karimova@qarmet.kz.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ЭКО DEUCE» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Мәртебе көшесі, 43,Тел.: 8 (727) 269-67-42

Қоғамдық тыңдау материалдарымен сайтта танысуға болады https:// https://ndbecology.gov.kz// «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты арқылы сұратуға болады: тел. 8-707-116-24-64, e-mail: assel.karimova@qarmet.kz.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың мекенжайы бойынша қабылданады: «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., көш. Лобода, 20. Телефон: 8 (7212) 56-81-66, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru.

# ОБЪЯВЛЕНИЕ

УД АО «Qarmet» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания для получения разрешения на воздействие по проектам Проект нормативов допустимых выбросов Программа управления отходами Проект нормативов допустимых сбросов План природоохранных мероприятий Программа производственного экологического контроля для для промплощадок шахты «Тентекская» УД АО «Qarmet» на 2026 г.УД АО «Qarmet».

Территория, на которую оказывается воздействие – Карагандинская область, п. Шахан.

Географические координаты территории воздействия: 49°49'7.00»N, 72°39'14.00»E.

Географические координаты участка: 1. 49°46'28''N 72°33'29''E; 2. 49°47'10''N 72°36'28''E; 3. 49°49'23''N 72°35'50''E; 4. 49°49'15''N 72°33'21''E.

Общественные слушания состоятся: 08.10.2025 г. в 15:00, по адресу: Карагандинская область, п. Шахан, ул. Кенесары Қасымұлы, строение 1/1, Дом культуры п. Шахан.

Ссылка на онлайн подключения. Подключиться к конференции Zoom https://us05web.zoom.us/j/85233287469?pwd=HkUEaW6Nuu9lbQo4kC2NheI05PlX3X.1 Идентификатор конференции: 852 3328 7469 Код доступа: bvbb1B

Инициатор намечаемой деятельности: УД АО «Qarmet», 101407, Республика Казахстан, г. Темиртау, пр. Республика, 1, БИН 951140000042, тел. +7 (7212) 49-20-69, e-mail: assel.karimova@qarmet.kz .

Разработчик проектной документации: ТОО «ЭКО DEUCE», Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Мартебе 43, тел 8(727)2696742

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте https:// https://ndbecology.gov.kz/ в разделе «Опубликованные слушания» и https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по тел. 8-707-116-24-64, assel.karimova@qarmet.kz

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на ЕЭП, а также по адресу МИО: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», Карагандинская область, г. Караганда, ул. Лободы, 20; тел. 8 (7212) 56-81-66, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru.

МЕРЕКЕ

# ҚАРАҒАНДЫ, ШАХТИНСК, САРАН, АБАЙ ЖӘНЕ ҚАРАЖАЛ ҚАЛАЛАРЫНДА ӨТЕТІН КЕНШІЛЕР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН КОНЦЕРТ!

Qarmet компаниясы өңірдің басты кәсіби мерекесі – Кеншілер күніне орай мерекелік шаралардың басталғанын қуана хабарлайды!

Қарағанды мен серіктес қалалардың тұрғындарын әсем музыка, жарық шоу, ерекше эмоция және керемет отшашу күтіп тұр!

**Сахна төрінде өнер көрсететін әртістер: AYAU, Sadraddin, Ирина Кайратовна, Zivert, Айқын Төлепберген, Alem, Мақпал Исабекова, Urker, Әли Оқапов, Дильназ Ахмадиева.**

**30 тамыз**
- Қарағанды – 18:00 (Тәуелсіздік алаңы)
- Қаражал – 18:00 (Орталық алаң)

**31 тамыз**
- Шахтинск – 15:00 (Қала әкімдігі алдындағы алаң)
- Саран – 18:00 («Сұңқар» стадионы)
- Абай – 18:00 (Қалалық саябақ алаңы)

Жаздың басты оқиғасын жіберіп алмаңыз!
Сіздерді жарқын концерт, мерекелік көңіл-күй жәнешынайы энергия күтіп тұр. Отбасыңызбен келіп - көңілді, ауқымды әрі нағыз кеншілер рухына сай мереке куәсі болыңыз!
















# ГРАНДИОЗНЫЙ КОНЦЕРТ КО ДНЮ ШАХТЁРА В ГОРОДАХ КАРАГАНДА, ШАХТИНСК, САРАНЬ, АБАЙ И КАРАЖАЛ!

Компания Qarmet с радостью объявляет анонс праздничных мероприятий в честь главного профессионального праздника региона - Дня шахтёра!

Жителей Караганды и городов-спутников ждёт незабываемый вечер музыки, света, эмоций и, конечно же, грандиозный фейерверк!

**На сценах выступят любимые артисты: AYAU, Sadraddin, Ирина Кайратовна, Zivert, Айқын Төлепберген, Alem, Мақпал Исабекова, Urker, Али Окапов, Дильназ Ахмадиева.**

**30 августа**
- Караганда – 18:00 (Площадь Независимости)
- Каражал – 18:00 (Центральная площадь)

**31 августа**
- Шахтинск – 15:00 (Площадь перед городским акиматом)
- Сарань – 18:00 (Стадион «Сұңқар»)
- Абай – 18:00 (Площадь городского парка)

Не пропустите главное событие лета!
Вас ждут яркие выступления, праздничная атмосфера и заряд энергии, который останется с вами надолго. Приходите всей семьёй - будет весело, масштабно и по-настоящему по-шахтёрски!















ХАБАРЛАНДЫРУ




Құрметті әріптестер!

Республика және Құрылысшылар даңғылдарының қиылысында орналасқан жылу желілерін ауыстыруға байланысты жүргізілген жөндеу жұмыстары сәтті аяқталды.

Трамвай қозғалысы кестеге сәйкес қайта жанданды.

Құрметпен,
Qarmet Service трамвай паркі әкімшілігі

Уважаемые коллеги!

Сообщаем, что ремонтные работы по замене тепловых сетей на пересечении проспектов Республики и Строителей успешно завершены.

Трамвайное движение возобновлено согласно графику.

С уважением,
Администрация трамвайного парка Qarmet Service

@qarmetpress

@qarmet_news

Собственник СМИ
**ТОО «Astana Classic»**

Компьютерная верстка
**Т. Дубинина**

Свидетельство о постановке на учет средства массовой информации № 17724-Г от 28.05.2019 г. выдано Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан, Комитет информации.

Газета «Metallurgy today» выходит еженедельно. Объем 4 п.л.
Печать офсетная. Заказ № 32. Тираж 10 000 экз.
Распространяется бесплатно

Мнение авторов не всегда совпадает с мнением редакции.
Рукописи не рецензируются и не возвращаются.Ответственность за достоверность сведений, содержащихся в публикациях газеты, несут авторы публикаций. Отпечатано в ТОО «Типография Арко»: г. Караганда, ул. Сатпаева,15,
тел.: 8(7212) 41 17 83, 41 17 80.
Наш адрес: пр. Республики, 1, з/у, каб. 309. Телефон: 8(7213)96 99 10
Наш e-mail: gazeta.qarmet@mail.ru, gazeta.qarmet@qarmet.kz